

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру  
бағдарламалары бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық  
бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің қағидалары  
ПР-09.26/ОП/31**

**1. Жалпы ережелер**

1.1 Осы ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар):

- Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №587 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында академиялық адалдық қағидаларын енгізу жөніндегі әдістемелік нұсқауға сәйкес әзірленді.

Қағидалар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларының үлгеріміне ағымдық, межелік бақылау және аралық, қорытынды аттестаттау өткізудің тәртібі мен кезеңдерін анықтайды.

1.2 Үлгерімді ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау білім алушылардың кәсіптік оқу бағдарламаларын игеру деңгейін анықтау мақсатында өткізіледі.

1.3 Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар қолданылады:

- академиялық адалдық – білім алушының жазбаша жұмыстарды орындау (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық), емтихандағы, зерттеулердегі жауап, өз ұстанымын көрсету, академиялық қызметкерлермен, оқытушылар мен өзге студенттермен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ бағалау барысындағы адалдығын айқындайтын құндылықтар мен ұстанымдардың жиынтығы;

- академиялық кезең (Term) – семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуін Академия өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;

- академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

- академиялық күнтізбе (Academic Calendar) – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

- білім алушының академиялық рейтингі (Rating) – аралық аттестаттау

нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модульдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

- оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін білім деңгейін балл түріндегі бағалау жүйесі;

- оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

- білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда студенттердің білімін, икемділігі мен дағдыларын жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

- білім алушылардың оқудағы жетістігі – білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;

- межелік бақылау – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

- білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың оқу жетістіктерінің (білімі, икемділігі, дағды және құзыреті) деңгейін оқу пәнін бітіргеннен кейін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес бағалау рәсімі;

- білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

- транскрипт (Transcript) – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;

- пререквизиттер (Prerequisite) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;

- үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average – GPA) – таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);

- емтихан сессиясы – жоғары оқу орындарында (бұдан әрі – ЖОО) студенттерді аралық аттестаттау кезеңі.

1.4 Бағалау Академияда қабылданған академиялық адалдық қағидаттарына негізделеді.

1.5 Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) мәтінді пайдалану және басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны (парафраз) өзгертусіз сөйлемдерді және

пікірлерді синонимдік ауыстырумен бөтен мәтінді пайдалану (бұдан әрі – бөтен мәтінді пайдалану) нысанына тексеруден өтеді.

## **2. Білім алушылардың оқу нәтижелерін бақылау түрлері мен нысандары**

2.1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру бақылау мен аттестаттаудың түрлі нысандары арқылы жүзеге асырылады.

2.2 Ағымдық және межелік бақылаудың түрлері:

- тестілеу (матрикалық, компьютерлік);
- бақылау жұмыстары;
- үй тапсырмалары, реферат, эсселердің орындалуын тексеру;
- курстық жобалар (жұмыстар) бөлімдерінің орындалуын тексеру,
- білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есебін тексеру;
- практика тапсырмаларының орындалуын тексеру;
- пікірталастар, тренингтер, дөңгелек үстелдер;
- коллоквиумның әртүрлі түрлері (ауызша, жазбаша, аралас, жедел және т.б.);
- әңгімелесу;
- практикалық жұмыстың орындалуын бақылау және есептілігін тексеру;
- практикалық көрсетілім.

Үлгерімді ағымдық және межелік бақылаудың өзге де түрлері кафедра оқытушысы тарапынан анықталып, пәннің оқу бағдарламасына енгізілуі мүмкін.

2.3 Пән бойынша аралық аттестаттауда бақылаудың мынадай түрлері болуы мүмкін:

- емтихан (жазбаша, ауызша, аралас, кешенді, жобаны қорғау);
- тестілеу (матрикалық, компьютерлік);
- эссе;
- практикалық көрсетілім;
- сараланған сынақтар;
- кәсіптік практика бойынша есепті қорғау.

2.4 Бақылаудың ауызша түрінде бір күнде екі немесе одан да көп емтиханның тапсырылуына жол берілмейді. Бақылаудың тестік түрінде екі немесе одан да көп пәндердің кәсібилігі мен жақындығын ескере отырып, кешенді емтихан тапсыруға мүмкіндік беріледі.

2.5 Ағымдық, межелік бақылау мен аралық, қорытынды аттестаттаудың түрлері, балдарды бөлу тәртібі және бақылау-саралау материалдарының қоры кафедра тарапынан пәннің ерекшелігіне қарай әзірленіп, оқу бағдарламасының қосымшасы түрінде ресімделеді.

## **3. Ағымдық, межелік бақылау мен аралық аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу**

3.1 Академияда білім алушыларының оқудағы жетістіктері академиялық бақылаудың барлық түрлері бойынша (ағымдық, межелік бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша (1-қосымша) бағаланады.

Тілдер бойынша (шетел, қазақ, орыс) білім алушылардың оқудағы жетістіктері оларды оқытудың дәрежелік моделіне сай осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес бағаланады.

Тілді меңгеру деңгейі шет тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзыретіне (бұдан әрі – ЖЕК) (А1, А2, В1, В2, С1, С2) сәйкес болады.

3.2 Үлгерімді ағымдық бақылау кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері әрбір орындаған тапсырмасы 100 балдық шкала бойынша бағаланып, үлгерімнің ағымдық бақылаудағы соңғы қорытындысы (қорытынды баға – ҚБ) академиялық кезеңде алынған барлық бағалардың орта арифметикалық қосындысы ескеріле отырып есептеледі:

$$ҚБ = АБ_{орт} * 0,30 + (МБ1 + МБ2) / 2 * 0,30 + АА * 0,40$$

білім алушының: АБ<sub>орт</sub> – ағымдағы бақылау қорытындысы,

МБ1/МБ2 – межелік бақылау қорытындысы,

АА – аралық аттестаттау қорытындысы.

3.3 Ағымдық бақылау сабақ кестесінде көрсетілген аудиториялық сабақ және білім алушының оқытушымен бірге өзіндік жұмыстары, білім алушының өзіндік жұмыстары кезеңінде жүргізіледі. Ағымдық бақылау үшін бақылау түрлері, балдарды бөлу тәртібі және бақылау тапсырмаларының қоры кафедра тарапынан пәннің ерекшелігі ескеріле отырып әзірленеді.

3.4 Межелік бақылау семестрде екі рет, академиялық күнтізбеге сәйкес бір оқу пәнінің аясында 8 және 15 аптада өткізіледі.

3.5 Межелік бақылау білім алушының пәнді/модульді игерудің нәтижесін анықтау мақсатында өткізіледі. Межелік бақылаудың соңғы қорытындысы «Platonus» ААҚ электронды журналына (бұдан әрі – электронды журнал) енгізіледі.

3.6 Межелік бақылау осы пән бойынша аудиториялық сабақтарды жүргізетін оқытушы тарапынан өткізіледі.

3.7 Межелік бақылау кезінде білім алушы оқытушы айқындаған тізімдемеде бар оқу бағдарламаларын, анықтамалар мен өзге де ақпараттық дереккөздерді пайдалана алады.

3.8 Факультет деканы қажет болған жағдайларда (сырқатқа, отбасы және қызметтік жағдайына, дәлелді себептерге байланысты растайтын құжаттар тапсырылған жағдайда) білім алушыға ағымдық, межелік бақылауды және аралық аттестаттауды жеке кесте бойынша тапсыру туралы Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының атына қызметтік хат дайындайды, ол Қызметке орындауға тапсырылады.

Қызмет факультет деканының қызметтік хаты негізінде ректордың немесе оның уәкілетті тұлғасының ағымдық, межелік бақылауды және аралық аттестаттауды жеке кесте бойынша тапсыру туралы бұйрықтарының жобаларын әзірлейді.

3.9 Академияда білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

3.10 Білім беру бағдарламасының кәсіби бейініне және тапсырылатын пәннің мазмұнына байланысты әр пән бойынша тапсырылатын емтиханның түрі мен тәртібі бекітіледі.

3.11 Модульді оқып аяқтағанда қорытынды бақылау модуль бойынша кешенді емтихан нысанында, не әрбір компонент - оқу пәні бойынша жеке-жеке емтихан өткізіледі.

Егер кешенді емтихан өткізілетін болса, онда қорытынды бақылау бағдарламасына негізгі компонент бойынша сұрақтар енгізіледі, ал басқа компоненттер бойынша қорытынды бақылау нысаны эссе, практикалық

қойылым, шығармашылық жоба немесе курстық жұмыс (жоба) болып табылады.

Кешенді емтихан кезінде жалпы модуль бойынша, сондай-ақ оның әрбір компоненті-оқу пәні бойынша баға қорытындыланады.

3.12 Модуль бойынша кредиттерді алу үшін әрбір компонент бойынша барлық жұмыс түрлерін орындау және қорытынды бақылау бойынша оң баға алу шарт болып табылады.

Егер жалпы модуль бойынша қорытынды бақылаудан қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда, білім алушы оның жекеленген компоненттері – оқу пәндері бойынша оң баға алған жағдайда, онда олар қайта есептеледі. Білім алушы кейіннен бұл пәндерді оқымайды.

3.13 Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру және сараланған сынақ түрінде өткізіледі.

3.14 Білім алушылардың аралық аттестаттауын ұйымдастыру мен өткізу Оқу процесін ұйымдастыру және жоспарлау қызметіне жүктеледі (бұдан әрі - Қызмет).

3.15 Аралық аттестаттау нәтижесі бойынша Қызмет маманы білім алушылардың академиялық рейтингілерін құрастырады.

3.16 Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру түрі болып табылады және академиялық кезеңдегі оқу жетістіктерін бағалауды көздейді.

3.17 Сараланған сынақтар білім алушылардың практикалық тапсырмаларды, курстық жұмыстарды (жобаларды) ойдағыдай орындағандығын, сондай-ақ олардың бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес кәсіптік практикадан өткендігін тексеру нысаны болып табылады. Сараланған сынақтар балдық-рейтингтік бағалау жүйесіне сәйкес қойылады және сол жұмыстарға тиісінше кредиттер саны берілген жағдайда көшіру балын есептеуде ескеріледі.

3.18 Академияда емтихан сессиялары қысқы және жазғы болып бөлінеді.

3.19 Емтихан сессияларының кезеңділігі мен ұзақтығы білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары және Академияның Ғылыми кеңесінде бекітілген академиялық күнтізбе бойынша анықталады.

3.20 Қызмет емтихандар кестесін жасайды, тиісті факультеттің деканатымен келісіледі, Академияның ректоры немесе оның уәкілетті тұлғасы бекітеді және ол білім алушылар мен оқытушылардың назарына емтихан басталмастан екі апта бұрын жеткізіледі.

3.21 Факультет деканының емтихан сессиясына жіберу туралы өкімінде студенттің аты-жөні, курсы, білім беру бағдарламасы және академиялық тобы көрсетіледі.

3.22 Емтихан сессиясына жіберу екі кезеңнен тұрады:

– бірінші кезеңде факультет деканының жалпы өкімімен оқу ақысын толық төлеген, пререквизиттер бойынша академиялық қарызы жоқ, академиялық демалыста немесе ұзақ мерзімді емделуде жүрмеген студенттердің сессияға жіберілуі жүзеге асырылады;

– екінші кезеңде тиісті пән бойынша рейтинг бағасы негізінде үлгерімнің ағымдық және межелік бақылау қорытындысымен анықталатын емтиханға автоматты түрде жіберілуі жүзеге асырылады.

3.23 Пән бойынша жіберу рейтингісінде (50%-дан кем емес) оң бағасы жоқ білім алушылар емтиханға жіберілмейді. Курстық жұмыстарын (жобаларын) тапсырмаған студенттер тиісті пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

3.24 Әрбір оқу пәні бойынша емтиханды өткізудің нысандары Академияның Ғылыми кеңесімен академиялық кезең басталғаннан бастап екі ай мерзімнен кешіктірілмей белгіленеді.

3.25 Емтихан кезінде білім алушылар пәннің оқу бағдарламасын және емтихан қабылдаушының рұқсатымен анықтамалық әдебиетті пайдалана алады.

3.26 Қорытынды бақылау кезінде емтихан алушы нәтижені электронды журналға енгізеді, онда білім алушылардың қорытынды бағасы автоматты түрде электронды ведомосте құрылады. Білім алушы емтиханға қатыспаған жағдайда емтихан қабылдаушы электронды журналда себебін көрсетеді (себепті/себепсіз). Бұл ретте электронды ведомостте «F» бағасы көрсетіледі. Егер студент пән бағдарламасын толық көлемде орындаса және дәлелді себептермен емтиханға келмесе, онда Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен білім алушыға емтихан тапсырудың жеке кестесі белгіленеді. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасына теңестіріледі.

3.27 Оқу пәні бойынша аралық аттестаттау өткізу кезінде емтиханда алған бағасы мен академиялық кезең ішіндегі үлгерімнің ағымдық бақылаудағы орташа балы есептеледі.

3.28 Пәннің қорытынды бағасының құрамына жіберу рейтингісінің бағасы мен қорытынды бақылау бағалары кіреді. Үлгерімді ағымдық бақылаудың бағасы (жіберілу рейтингі) пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 60%-ын құрайды және емтихан бағасы пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 40%-ын құрайды.

3.29 Оң қорытынды баға тиісті пән бойынша белгіленген кредит санымен игерілген кредиттерді толықтыруға негіз болып, білім алушының транскриптіне жазылады.

«FX» «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғанда оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайталап өтпей-ақ Академияның академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) бір реттен артық емес қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

«F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғанда білім алушы осы оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

3.30 Академиядан оқудан шығарылған, сонымен қатар оқуын аяқтамаған білім алушыға Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт беріледі.

Транскрипте FX және F бағаларымен қоса барлық қорытынды бағалары көрсетіліп, білім алушы игеріп алған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.

3.31 Қорытынды бақылауды қанағаттанарлық бағаны көтеру мақсатында оны сол аралық аттестаттау кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3.32 Білім алушылар барлық емтихандарды пәндердің оқу

бағдарламасында бекітілген жұмыс және жеке оқу жоспарына қатаң сәйкестікте тапсырады.

3.33 Білім алушылар оқытудың қосымша түрлеріндегі пәндер бойынша емтихан тапсыра алады, олардың тапсыру нәтижелері электронды журналға және транскриптке енгізіледі.

3.34 Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен емтихан сессиясы кезеңіне (аралық аттестаттау) апелляциялық комиссия құрылады.

3.35 Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін білім алушы апелляциялық комиссия төрағасының атына осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген нысанда өтініш береді. Өтініш емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір жұмыс күні ішінде қарайды.

3.36 Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімі төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді (4-қосымша).

3.37 Хаттама негізінде білім алушыға жеке емтихан ведомосы жасалады (5-қосымша), апелляция нәтижесі электронды журналға енгізіледі. Білім алушының қорытынды бағасы электронды ведомосте қалыптастырылады.

3.38 Емтихан сессияларының қорытындысы бойынша жазғы семестр нәтижелерін есепке ала отырып, білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің ортасалмақ бағасы ретінде курсқа көшіру балы есептеледі.

3.39 Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихан сессиялары қорытындысының негізінде білім алушыларды курстан курсқа көшіру жүзеге асырылады. Курстан курсқа көшіру үшін мынадай көшіру балы тағайындалады (GPA):

- бакалавриат бағдарламасының курстары үшін:

2 курс – 1,67 балл (үлгерім деңгейі - C-);

3 курс – 2,0 балл (үлгерім деңгейі - C);

4 курс – 2,3 балл (үлгерім деңгейі - C+);

5 курс – 2,5 балл (үлгерім деңгейі – C+).

- магистратура бағдарламасының курстары үшін:

2 курс – 2,67 балл (үлгерім деңгейі– B-).

- докторантура бағдарламасының курстары үшін:

2 курс – 2,67 балл (үлгерім деңгейі – B-);

3 курс – 3,0 балл (үлгерім деңгейі – B+).

3.40 Ең төменгі өту балын алған білім алушылар факультет деканының ұсынысы негізінде Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

3.41 Ең төменгі өту балын ала алмаған білім алушы оқу курсына қайта оқуға қалдырылады және әрі қарай оқу кезеңіне білім беру грантынан айырылады.

3.42 Курс бағдарламасын толығымен өтіп, белгіленген өту балының ең

төменгі деңгейіне жете алмаған білім алушыға өзінің орташа үлгерім балын (GPA) жоғарылатуы үшін жазғы семестрде белгілі бір пәндерді ақылы түрде қайта оқуына және сол пәндерден қайта емтихан тапсыруына мүмкіндік беріледі.

3.43 Қайта тапсырылған емтиханнан қанағаттанарлық нәтиже алған жағдайда емтихан қабылдаушы оны электронды журналға енгізеді. Білім алушының қорытынды бағасы электронды ведомосте қалыптастырылады.

3.44 Транскрипке білім алушының қайта тапсырған емтихандарының оң нәтижелерімен қоса барлық қорытынды бағалары жазылады.

3.45 Оқу курсына қайта қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары бойынша білім алады немесе жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастыра алады.

3.46 Өту балы жетіп, келесі курсқа ауыстырылған академиялық берешегі бар білім алушы сол пәнді ақылы негізде қайта оқып, академиялық қарыздарын жоюы тиіс.

3.47 Академиялық қарызы бар пәндер келесі семестрде өтілетін пәндер үшін пререквизит болып саналмайды.

3.48 Академиялық кезең соңында магистрант/докторант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді.

3.49 Емтихандар сессиясының қорытындысы және оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар емтихан сессиясы (аралық аттестаттау) аяқталғаннан кейін кафедра, деканат мәжілістерінде, Академияның Ғылыми кеңесінде талқылануға ұсынылады.

#### **4. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан**

4.1 Академияда «Қазақстан тарихы» пәні білім алушылардың сұранысы болмаған жағдайда қазақ тілінде жүргізіледі. Бакалавриат деңгейіндегі барлық білім беру бағдарламалары бойынша Академия білім алушылары «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оны оқып аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

4.2 Мемлекеттік емтихан өткізуді ұйымдастыруды «Қазақстан тарихы» пәнін оқытатын кафедра (бұдан әрі – Кафедра) факультет деканатымен және Қызметпен бірлесе отырып, жүзеге асырады.

4.3 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін Кафедра оқудың барлық нысаны мен білім беру бағдарламалары үшін аталған пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

4.4 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу нысаны (ауызша, жазбаша және тест түрінде) Академияның Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес анықталады.

4.5 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін факультет деканының ұсынысы бойынша құрамында төрағасы мен мүшелері бар Мемлекеттік емтихан комиссиясы (бұдан әрі – МЕК) оқу жылына құрылады.

4.6 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЕК төрағасы мен құрамы Ғылыми кеңес шешімінің негізінде Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен бекітіледі.

4.7 МЕК отырыстарының кестесін Қызмет академиялық күнтізбеге сай



кұрады және оны Академия ректоры немесе оның уәкілетті тұлғасы мемлекеттік емтиханның басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей бекітеді.

4.8 МЕК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

4.9 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібі, сонымен қатар МЕК отырысының процедурасы осы Қағидаларға сәйкес анықталады.

4.10 Мемлекеттік емтихан нәтижелері студенттердің білімін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады. Бұл ретте қорытынды баға жіберілу рейтингісінің бағасы мен мемлекеттік емтиханның бағасын есепке ала отырып, қойылады. Мемлекеттің емтиханның жіберілу рейтингісінің бағасы пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 60%-ын құрайды.

4.11 Білім алушы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, қайта тапсыру осы Қағидалардың 3.30 тармағында көрсетілген ұқсас рәсім бойынша жүзеге асырылады.

4.12 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан алған оң бағаны көтеру үшін қайта тапсыру осы Қағидалардың 3.43 тармағында көрсетілген рәсім бойынша жүзеге асырылады.

4.13 Білім алушы мемлекеттік емтихан қорытындысымен келіспесе, МЕК өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляцияға беруіне болады.

4.14 Апелляция өткізу үшін Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен аталған пән бойынша тәжірибелі оқытушылардан «Қазақстан тарихы» пәні бойынша апелляциялық комиссия құрылады.

4.15 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсырудың нәтижелері оны тапсыру қарастырылған емтихан сессиясының қорытындысын шығару кезінде есепке алынады.

## **5. Академияның бакалавриат білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізудің тәртібі**

5.1 Бакалавриат білім алушыларын қорытынды аттестаттау ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбемен және білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарымен қарастырылған.

5.2 Қорытынды аттестаттауды өткізу нысандарын (дипломдық жұмыс (жоба), шығармашылық жоба, кешенді емтихан т.б.) бітіртуші кафедра дербес айқындайды.

5.3 Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу процесін толық аяқтаған білім алушылар ғана жіберіледі.

5.4 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау үшін білім беру бағдарламалары немесе даярлау бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясы құрылады (бұдан әрі – АК), оның жұмыс тәртібі және құрамы осы Қағидаларға сәйкес анықталады.

5.5 АК құзыретіне төмендегілер кіреді:

- білім беру бағдарламалары белгілеген талаптарға сай бітіруші мамандардың теориялық және практикалық даярлығы сәйкестігінің деңгейін тексеру;

- бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін тағайындау;

- кадрлар даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

5.6 АК құрамы Академия Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірмей бекітіледі және ол ағымдағы оқу жылы бойына әрекет етеді.

5.7 АК құрамы бітіруші кадрлардың тиісті бейініне сәйкес келетін профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

5.8 АК жұмысының кестесін Қызмет құрады, жұмыс кестесін Академия ректоры немесе оның уәкілетті тұлғасы бекітеді және АК жұмысы басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей көпшіліктің назарына жеткізіледі.

5.9 Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу осы Қағидалардың 5.3 тармағы негізінде білім алушылардың тізімі тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), білім беру бағдарламасы көрсетіле отырып, қорытынды аттестаттауға дейін екі аптадан кешіктірілмей факультет деканының өкімімен рәсімделеді.

5.10 Қорытынды аттестаттау басталуына дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей АК-қа ұсынылады:

- білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өкім;

- оқытудың барлық кезеңіндегі білім алушылардың үлгерімінің орта салмақ баға өлшемдері GPA есептелген транскрипт.

5.11 АК отырыстарының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспайды.

5.12 Білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан пәндердің оқу бағдарламалары негізінде Академияда әзірлеген бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан бағдарламасы Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

5.13 Жетекшісінің оң пікірі және қорғауға ұсынылатын жұмыс бейініне сай келетін маман тарапынан бір рецензиясы болғанда білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны), шығармашылық жобаны қорғай алады. Егер жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген жағымсыз қорытынды берген жағдайда, білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберілмейді.

5.14 Білім алушы рецензенттің оң қорытындысы сияқты, жағымсыз қорытындысы болған жағдайда да дипломдық жұмысты (жобаны), шығармашылық жобаны қорғауға жіберіледі.

5.15 Дипломдық жұмыстың (жобаның), шығармашылық жобаның жетекшісі Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен тақырыптың атауы көрсетіле отырып, әр білім алушыға дербес бекітіледі.

Дипломдық жұмыстардың (жобалардың), шығармашылық жобаның рецензенттері Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен жұмыс орны, лауазымы және білімі (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы дипломы бойынша базалық білімі) көрсетіліп, факультет деканының ұсынысы бойынша жалпы тізіммен бекітіледі.

5.16 Дипломдық жұмысты (жобаны), шығармашылық жобаны рецензиялау біліктілігі қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін сыртқы ұйымдардың мамандары тарапынан жүзеге асырылады.

5.17 Кешенді емтихандар мен дипломдық жұмысты (жобаны), шығармашылық жобаны қорғаудың нәтижелері бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындықтарын, сондай-ақ жетекшісі мен рецензенттің пікірлерін назарға ала отырып, білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша баға қойылады.

5.18 Кешенді емтихан тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны), шығармашылық жобаны қорғаудың нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

5.19 Комиссия құрамында бекітілген АК хатшысы (дауыс беру құқығынсыз), кешенді емтихан тапсыру, дипломдық жұмысты (жобаны) және шығармашылық жобаны қорғау нәтижелерін тіркейді.

5.20 Кешенді емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны), шығармашылық жобаны қорғау бағалары туралы сондай-ақ, дәреже тағайындау және біліктілік беру және диплом беру (үздік емес, үздік) туралы шешім АК отырысына қатысушы мүшелерінің көпшілік дауысымен жабық отырыста ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда АК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.21 Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген білім алушы АК төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен АК-тың басқа отырысы болған күні емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты (жобаны), шығармашылық жобаны қорғайды.

5.22 Білім алушы қорытынды аттестаттаудың нәтижелерімен келіспесе, аттестаттау өткізілгеннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляцияға береді.

5.23 Апелляция өткізу үшін Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен біліктілігі аталған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

5.24 Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін АК-қа ұсынылған денсаулық жағдайы туралы құжаттар қарастырылмайды.

5.25 Бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға, дипломдық жұмысты (жобаны), шығармашылық жобаны қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

5.26 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға кешенді емтихандарды қайта тапсыруға, сондай-ақ дипломдық жұмысты (жобаны), шығармашылық жобаны қайта қорғауға, қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

5.27 Дипломдық жұмысты (жобаны) немесе шығармашылық жобаны қорғау барысында еңбек «қанағаттанарлықсыз» деп есептелгенде, АК сол еңбекті пысықтап қайтадан қорғауға ұсынуға немесе жұмысты жаңа тақырыппен әзірлеуге мүмкіндік береді. АК-тың бұл шешімі мәжіліс хаттамасына жазылады.

5.28 Қорытынды аттестаттаудан «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушы «білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған» және «диплом жұмысын (жобасын)/ шығармашылық жобаны қорғай алмаған» немесе

«кешенді емтиханды тапсыра алмаған» деп Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен оқудан шығарылады.

5.29 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлғалар келесі оқу жылында, қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешікпей, Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының атына қайта қорытынды аттестаттауға жіберуге рұқсат беру туралы өтініш жазады.

5.30 Қорытынды аттестаттауға қайта жіберу Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен ресімделеді.

5.31 Білім алушыны қайта қорытынды аттестаттау алдыңғы қорытынды аттестаттаудан қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана өткізіледі.

5.32 Емтихандарды тапсырмаған тұлғалар үшін кешенді емтихандар қатарына енетін пәндер тізбесі білім алушы теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған оқу жоспарымен белгіленеді.

5.33 Жоғары оқу орнының білім беру бағдарламасын игергенін растаған және қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға аттестаттау комиссияның шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесі (6-қосымша) тағайындалады және Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бітіру туралы және «бакалавр» дәрежесін тағайындау туралы бұйрығы жарияланған күнінен бастап бес күнішінде қосымшасы бар диплом (транскрипт) және (немесе) дипломға жалпыеуропалық қосымша (Diploma Supplement (диплома саплэмент) тегін негізде беріледі.

Дипломға (транскрипт) қосымшада барлық оқу пәні, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), кәсіптік практика түрлері, қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білімді бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

5.34 Емтихандарды А, А – «өте жақсы», В-, В, В+, С+ «жақсы» деген бағаға тапсырған және оқытудың барлық кезеңіндегі үлгерімінің орта балы 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ кешенді емтиханды немесе диплом жұмысын (жобасын) немесе шығармашылық жобаны А, А – «өте жақсы» деген бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырғаны немесе қайталап тапсырғаны бар білім алушыға үздік диплом берілмейді.

5.35 АҚ-тың жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы бакалавриат студенттерін қорытынды аттестаттау жөнінде есеп жазады және бір ай мерзім ішінде Академияның Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі. АҚ төрағасының қорытынды аттестаттау туралы есебі осы Ереженің 7-қосымшасында көрсетілген кестелерді және түсіндірме жазбаны қамтуы қажет.

5.36 АҚ құжаттары Академия мұрағатында заңнама талаптары мен Академия номенклатурасына сәйкес сақталады.

5.37 Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының қолы қойылған жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген бітірушілердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),

білім беру бағдарламасы және берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде тиісті саланың уәкілетті органына ұсынылады, сонымен қатар Академия интернет-ресурсында орналастырылады.

## **6. Магистранттарды және докторанттарды қорытынды аттестаттаудан өткізудің тәртібі**

6.1 Академияның магистратурасы мен докторантурасында білім алушылардың қорытынды аттестациясы магистрлік диссертация (жоба) немесе докторлық диссертация қорғау формасында білім бағдарламаларының академиялық күнтізбесі мен жұмыс оқу бағдарламаларында қарастырылған мерзімдерде жүзеге асырылады.

6.2 Қорытынды аттестаттауға Мемлекеттік білім беру стандартының, білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарларының, сондай-ақ жұмыс оқу жоспарларының талаптарына сәйкес оқу процесін толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

6.3 Қорғауға ұсынылған диссертацияның негізгі нәтижелері кемінде 3 басылымда, яғни біреуі Академияның «Arts Academy» ғылыми журналында және 2 мақала халықаралық немесе республикалық ғылыми-практикалық конференцияда (ғылыми-педагогикалық бағыттар үшін) жариялануы тиіс. Магистратураның бейіндік бағыты үшін – кемінде 2 басылымда ұсынылуы тиіс: олардың бірі Академияның «Arts Academy» ғылыми журналында және 1 жарияланым халықаралық немесе республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында.

6.4 Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны мен рәсімделуіне, оларды дайындауға және қорғауға қойылатын талаптар ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК магистрлік диссертациялар (жобалар) туралы ережесімен айқындалады.

6.5 Жұмыс оқу жоспарының, жеке жұмыс жоспарының және жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарын орындамаған бітіруші курс студенттері жазғы семестрді өтпей, ақылы негізде екінші оқу курсына қалады.

6.6 Білім алушылардың қорытынды аттестациясын өткізу үшін аттестаттау комиссиясы құрылады. АҚ құзыретіне мыналар кіреді:

- түлектердің теориялық және практикалық дайындығының білім беру бағдарламаларының белгілеген талаптарына сәйкестік деңгейін тексеру;

- бітірушіге сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша белгіленген тәртіпке сай магистр дәрежесін беру;

- кадрларды даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

6.7 АҚ төрағасы мен құрамы ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірілмей Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен бекітіледі және ағымдағы оқу жылы мерзімі ішінде жарамды.

6.8 АҚ құрамы бітіруші мамандардың профиліне сәйкес келетін профессорлар, доценттер, жоғары білікті мамандар санынан құрылады.

6.9 АҚ жұмыс кестесін Қызмет жасайды, Академия ректоры немесе немесе оның уәкілетті тұлғасы бекітеді және АҚ жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей көпшілік назарына ұсынылады.

6.10 Магистранттар мен докторанттардың қорытынды аттестаттауына рұқсат Академия ректорының немесе немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей тізім бойыншат ресімделеді және АК -ға беріледі.

6.11 Қорытынды аттестаттау бойынша «қанағаттанарлықсыз» баға алған студент ректордың немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен білім беру бағдарламасы талаптарын орындамағаны, магистрлік диссертациясын (жобасын) қорғамағаны үшін Академиядан шығарылады. Магистрлік диссертация (жоба) міндетті түрде Академияда бекітілген Плагиатқа қарсы біліктілік/ғылыми жұмыстарды тексеру тәртібі туралы ережеге сәйкес ғылыми жұмыстарға сілтеме жасау саясатына сәйкестік тексерісінен өтеді.

6.12 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға магистрлік диссертацияны (жобаны) дайындау, оны тіркеу және қорғау шаралары кіреді.

6.13 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау басталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей АК-ға мыналар ұсынылады:

- аяқталған магистерлік диссертация (жоба);
- ғылыми еңбектерге сілтеме жасаудың дұрыстығы туралы анықтама (плагиаттың жоқтығы туралы);
- ғылыми жарияланымдардың тиісті түрде расталған тізімі мен олардың көшірмелері;
- ғылыми жетекшісінің пікірі;
- магистрлік диссертацияға (жобаға) ресми сыртқы рецензенттің пікірі.

6.14 АК-ға сонымен қатар аяқталған магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын басқа да материалдарды, бейресми пікірлерді, магистрлік диссертация бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жазбаша пікірлерін, анықтамалар мен ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізу актілерін, үлгілер мен т.б. ұсынуға болады.

6.15 Магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде әрбір магистранттың тақырыбын көрсете отырып, ректордың немесе немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен бекітіледі. Магистрлік диссертациялардың (жобалардың) рецензенттері жұмыс орны, лауазымы және білімі (білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы диплом бойынша базалық білімі) көрсетіле отырып, бітіруші кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша ректордың немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен жалпы тізіммен бекітіледі.

6.16 Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) рецензиялауды біліктілігі қорғалатын магистрлік диссертация бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы бар, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар сыртқы мамандар, бейіні бойынша докторлар ғана жүзеге асырады.

6.17 Магистрант магистрлік диссертациясын (жобасын) ғылыми жетекшісінің оң пікірі мен біліктілігі қорғалатын диссертацияның (жобаның) бейініне сәйкес келетін маманның рецензиясы болған жағдайда қорғай алады. Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берсе, магистрант магистрлік диссертациясын (жобасын) қорғамайды. Білім алушы магистрлік диссертациясын рецензенттің оң қорытындысы, сонымен қатар теріс қорытындысы болған жағдайда да қорғай береді.

6.18 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша білім алушылардың теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейі, сонымен қатар ғылыми жетекшісі мен рецензенттің пікірлері ескеріле отырып, білім алушының білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалар қойылады.

6.19 Оң бағаны жоғарылату мақсатында магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға жол берілмейді.

6.20 Қорытынды аттестаттаудың аталған кезеңінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алғандар үшін магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға жол берілмейді

6.21 Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасын меңгергендігін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесі, қосымшасы бар диплом (транскрипт) және ақысыз түрде дипломға жалпыеуропалық қосымша (DiplomaSupplement) беріледі. Дипломға (транскриптте) қосымшада оқу және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарының барлық түрлері бойынша олардың көлемі академиялық кредиттер мен сағаттарда көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.

6.22 Магистратурадағы АҚ жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы магистранттардың қорытынды аттестаттауы туралы есеп жазады, ол ҚАК жұмысы аяқталған күннен бастап бір ай ішінде Академияның ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

6.23 Магистранттардың қорытынды аттестациясы туралы АҚ төрағасының есебі 7-қосымшада келтірілген кестелерден және түсіндірме жазбадан тұрады.

6.24 Түсіндірме жазбада көрсетілген:

- аталған білім беру бағдарламасы бойынша магистрлердің дайындық деңгейі;

- магистрлік диссертацияларды (жобаларды) орындау сапасы;

- магистрлік диссертация (жоба) тақырыптарының ғылым, техника, мәдениет, өнердің қазіргі жай-күйі мен өндірістің сұраныстарына сәйкестігі;

- аталған білім беру бағдарламасы бойынша магистрлердің дайындық сапасының талдамасы;

- магистрлерді дайындаудағы кемшіліктер;

- кафедра қорытындысының, ғылыми жетекші пікірінің, рецензияның магистрлік диссертацияның қорғалу деңгейіне сәйкестігі;

- магистрлерді даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар.

6.25 Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген (№6951 бойынша Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде тіркелген) Ғылыми дәрежелер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.26 Қорытынды аттестаттаудың мақсаты – докторанттың ғылыми-теориялық және зерттеу-аналитикалық деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқарушылық құзыреттілігін, кәсіби тапсырмаларды өз бетінше орындауға дайындығын және оның докторантураның кәсіби стандарт және білім беру бағдарламасы талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады.

6.27 Докторант оқуға түскеннен кейін екі ай ішінде докторлық

диссертациясына жетекшілік ету үшін ғылыми жетекші тағайындалады. Ғылыми жетекшілік Академия ректорының немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығымен Ғылыми кеңестің шешімі негізінде бекітіледі. Докторлық диссертация тақырыбы бірінші семестр ішінде анықталады және Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

6.28 Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін докторанттарға ғылыми жетекшілікті кемінде 2 адамнан тұратын кеңес берушілер, олардың біреуі шетелдік ЖОО-ның ғалымы жүзеге асырады.

6.29 Докторанттың ғылыми зерттеулерінің негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы «Дәреже беру ережесін бекіту туралы» №127 бұйрығына сәйкес ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда жарияланады.

6.30 Докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқудың толық курсы игерген, бірақ докторанттың ғылыми зерттеу жұмысын (бұдан әрі – ДҒЗЖ) аяқтамаған докторантқа ДҒЗЖ академиялық қарыздарын қайта игеруге және ақылы негізде кейінгі жылдары диссертациялық жұмысын қорғауға мүмкіндік беріледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсы толық меңгерген, ДҒЗЖ орындаған, бірақ докторлық диссертация қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және диссертациясын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде тегін қорғауға, ал келесі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте докторант бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң ақылы негізде диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal (ресорч пропозал)) қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғалады.

6.31 Академия ректоры немесе немесе оның уәкілетті тұлғасы қол қойған тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), білім беру бағдарламалары мен берілген дипломдардың нөмірлері көрсетілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын бітірген түлектердің тізімі тиісті бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде тиісті саланың уәкілетті органына ұсынылады, сонымен қатар Академия интернет-ресурсында орналастырылады.

## **7. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу**

7.1 Карантин жағдайында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда, Академия білім алушыларының үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жұмыс оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және оқу бағдарламаларына сәйкес ақпаратты-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

7.2 Ректордың немесе оның уәкілетті тұлғасының бұйрығы негізінде қашықтықтан оқытуға ауысқан кезде студенттердің білім жетістіктерін тексеру қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі - ҚББТ) қолдану арқылы жүзеге асырылады.

7.3 Үлгерімді ағымдық бақылау және аралық аттестаттау келесі жолдармен жүзеге асырылады:

- телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып, білім алушы пен



оқытушы арасындағы онлайн тікелей байланыс;

- автоматтандырылған тестілеу кешендері;
- жазбаша, бейне, аудио жеке тапсырмаларды тексеру.

7.4 Білім алушылардың ағымдық бақылау үлгерімі мен аралық аттестаттаудың қорытынды нәтижелері «Platonus» ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

7.5 ҚББТ бойынша білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

7.6 ҚББТ пайдалану арқылы оқыту кезінде дипломдық жұмыстарды (жобаларды) / магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау:

- көпшілік алдында;
- телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы онлайн;
- дипломдық жұмысқа (жобаға) / магистрлік диссертацияға (жобаға) рецензия алғаннан кейін, қағазға шығарып және электронды түрде жіберу арқылы жүзеге асырылады.

## **8. Қорытынды ережелер**

8.1 Бекітілген Қағидаларға өзгерістер енгізуді әзірлеуші жаңа құжатты әзірлеу, оны белгіленген тәртіпте келісу және бекіту арқылы жүзеге асырады.

8.2 Осы Қағидалар Ғылыми кеңестің хаттамасы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

8.3 Қағидалар қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде үш жылда бір рет қайта қаралады.

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

**Білім алушылардың шет тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік үлгіге және ECTS (иситиэс) дәстүрлі бағалар шкаласы сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**

Жалпыеуропалық шет тілді меңгерудің құзыреті бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A1	A	A	4,0	95-100	өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	жақсы
	B	C	3,0	80-84	жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A2	A	A	4,0	95-100	өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	жақсы
	B	C	3,0	80-84	жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
B1	A	A	4,0	95-100	өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	жақсы
	B	C	3,0	80-84	жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
B2	A	A	4,0	95-100	өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	жақсы
	B	C	3,0	80-84	жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
C1	A	A	4,0	95-100	өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	жақсы
	B	C	3,0	80-84	жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
C2	A	A	4,0	95-100	өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	жақсы
	B	C	3,0	80-84	жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз	

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық хореография  
академиясы» ШЖҚ РМК апелляциялық  
комиссия төрағасы

\_\_\_\_\_ төрағаның аты-жөні

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламаның коды мен атауы

\_\_\_\_\_ курс студенті

\_\_\_\_\_ білім алушының аты-жөні

**Өтініш**

\_\_\_\_\_ пәні бойынша 20\_\_ жылдың  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ өткізілген емтихан нәтижесін қайта қарауыңызды сұраймын.  
(апелляциялық өтініш беру себебін көрсету керек).

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
Қолы \_\_\_\_\_

**Апелляциялық комиссия мәжілісінің хаттамасы № \_\_\_\_\_**  
 « \_\_\_\_\_ » пәні бойынша

20\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

сағ. \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ дейін

Қатысқандар: Апелляциялық комиссия төрағасы

\_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Факультет \_\_\_\_\_

Семестр \_\_\_\_\_

20\_\_ - 20\_\_ оқу жылы

Кафедра \_\_\_\_\_

Пән \_\_\_\_\_

Кредиттер \_\_\_\_\_

№	Тегі, аты, әкесінің аты	О.А.	О.М.	Е	Қорытынды баға			
					%-бен	цифр.	әріп.	дәстүрлі

Комиссия төрағасы:

\_\_\_\_\_

Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_

КОЛЫ

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_

Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_

КОЛЫ

\_\_\_\_\_

Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_

КОЛЫ

\_\_\_\_\_

Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_

КОЛЫ

**№ \_\_\_\_\_ ведомость**  
(апелляция есебімен)

Факультет \_\_\_\_\_  
 Оқу ағымы \_\_\_\_\_  
 Семестр \_\_\_\_\_  
 Оқу жылы 20\_\_\_\_-20\_\_\_\_  
 Кафедра \_\_\_\_\_  
 Пән \_\_\_\_\_  
 Кредиттер \_\_\_\_\_  
 Оқытушы \_\_\_\_\_

№	Тегі, аты, әкесінің аты	О.А.	О.М.	Е	Қорытынды баға			
					%-бен	цифр.	әріп.	дәстүрлі

Декан \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ ж.

Тіркеуші \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ ж.



**Қазақ ұлттық хореография академиясы**  
**Аттестаттау комиссиясы отырысының**  
**№ \_\_\_\_\_ хаттамасы**

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ дейін барлық кешенді емтихандарды тапсырған және (немесе) дипломдық жұмысты (жобаны) немесе шығармашылық жобаны қорғаған студентке «бакалавр» академиялық дәрежесін беру туралы.

**Қатысқандар:**

Аттестаттау комиссиясының төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

Студент \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты, білім беру бағдарламасы

Дипломдық жұмысты (жобаны) немесе шығармашылық жобаны қорғады және (немесе) кешенді емтихандарды келесі бағамен тапсырды: \_\_\_\_\_

пән, дипломдық жұмыстың (жобаның), шығармашылық жобаның атауы, білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі, тапсыру күні

Студенттің білім беру бағдарламасы бойынша диплом жұмысын (жобасын) / шығармашылық жобасын қорғағаны/оқу жоспарындағы барлық кешенді емтихандарды тапсырғаны мойындалсын.

Студент \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты

білім беру бағдарламасының коды, атауы

«бакалавр» дәрежесі тағайындалсын.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері \_\_\_\_\_

Жоғары білім туралы \_\_\_\_\_ диплом берілсін.

үздік, жәй

Комиссия төрағасы:

Т.А.Ә.

қолы

Комиссия мүшелері:

Т.А.Ә.

қолы

Т.А.Ә.

қолы

Т.А.Ә.

қолы

Хатшы:

Т.А.Ә.

қолы

**Кешенді емтихан және дипломдық жұмысты (жобаны)/ шығармашылық жобаны / магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нәтижелері**

\_\_\_\_\_ жылға

оқу түрі \_\_\_\_\_

білім беру бағдарламасы \_\_\_\_\_

ЖОО атауы \_\_\_\_\_

Қорытынды аттестаттау нысаны	Қорытынды аттестаттауға жіберілгендер саны	Тапсырғандар саны	Соның ішінде тапсырғандар				Орташа балл	келмегендер	Сапасы %	Тапсырғандар үлгерімі %
			Үздік	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз				
Кешенді емтихан										
Дипломдық жұмысты(жобаны)/ шығармашылық жобаны/ магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау										
Барлығы										

**Бітірушілерді қорытынды аттестаттаудың жалпы нәтижелері**

\_\_\_\_\_ жылға

білім беру бағдарламасы \_\_\_\_\_

ЖОО атауы \_\_\_\_\_

ҚА жіберілгендер саны	ҚА келмегендер саны	ҚА тапсырғандар саны	Соның ішінде тапсырғандар				Қанағаттанарлықсыз баға алғандар	Орташа балл
			Тек үздік	Тек үздік және жақсы	Аралас бағалар	Тек қанағаттанарлық		

**Шығарылымның салыстырмалы талдауы**

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең	Есеп беру кезеңі
Сапасы %		
Үлгерім %		
Үздік диплом алғандар		
Орташа балл		